

ولیلِ عشر
لیالی ذی الحجة

ЗУЛ-ХИЖЖӘ АЙЫНЫҢ ОН КҮНІ

Шейх Хайсам Сархан

басшылығындағы "Сунна" колледжі

Қазақ тілі

اللغة القازاقية

Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен

Құранда Аллаһ ант еткен он түн – ол зул-хиджа айының он күні

Бұл он күнді немен қарсы аламыз?

Абдуллаһ Ибн Аббастан (Аллаһ әкесі екеуінен разы болсын Аллаһ Елшісінің ﷺ былай дегені жеткізіледі: **«Аллаһқа осы он күндерде жасалған ізгі амалдардан артық сүйіктірек амалдар жоқ»**. Сонда сахабалар: «Аллаһ жолындағы жиһадтан да ма?»,- деп сұрады. Ол: **«Иә, Аллаһ жолындағы жиһадтан да. Тек Аллаһ жолына жаны мен мал-мүлкін тігіп, сол шайқастан өзі де, мал-мүлкі де қайтып оралмаған адамнан басқа»**, - деп жауап берді(Бухари; 969).

Ізгі-салиқалы амалдар өзіне ораза, намаз, Аллаһ Тағаланы тәкбірмен ұлықтау, Құран оқу, жақсылық жолында мал-мүлік жұмсау, т.б. ғибадаттың әрқандай түрлерін қамтиды.

Осы күндерде бекітілген істерден:

1. Айт күнінен басқа күндерде ораза ұстау.

Өйткені Пайғамбарымыздың ﷺ кейбір әйелдерінен: **«Аллаһтың Елшісі ﷺ Ашура күнінде, зул-хиджа айының алғашқы тоғыз күнінде, әр айда үш күн, және дүйсенбі мен бейсенбі күндері ораза ұстайтын еді»**, - деп жеткізілген (Абу Дауд).

2. Қажылық, әрі бұл осы күндерде жасалатын ең жақсы амал.

Пайғамбарымыз ﷺ: **«Мәбрур (күнәсіз жасалған) қажылықтың сыйы - тек Жәннат!»** - деген (Бухари мен Муслим).

3. Құрбан шалу, әрі ол қатаң түрде бекітілген сүннет.

Пайғамбарымыз ﷺ: **«Құрбан шалғысы келген адам зул-хижжә айы басталғанда құрбанын шалғанына дейін шашын да, тырнағын да мүлде алмасын!»** - деген (Муслим).

4. Тәкбир («Аллаһу әкбар»), тәһлил («Лә иләһа иллә-Ллаһ») және тахмид («әлхамду ли-Лләһ») сөздерін көп айту.

Бұл күндерде айтылатын тәкбирдің үлгісі:

الله أكبر الله أكبر لا إله إلا الله أكبر الله أكبر والله الحمد.

«Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар, Лә иләһа иллә-Ллаһу, Аллаһу әкбар, Аллаһу әкбар, уә лиЛләһи хамд».

Мағынасы: *«Аллаһ ұлы, Аллаһ ұлы, Аллаһ ұлы, Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты құдай жоқ, Аллаһ ұлы, Аллаһ ұлы әрі барлық мақтау Аллаһқа».*

5. Арафа күнінде ораза ұстау.

Ол күннің оразасын жайында Пайғамбарымыз ﷺ былай дейді: **«Мен Арафа күнінің оразасы өткен жылдың және келесі жылдың күнәларын өтейді (өшіреді) деп Аллаһтан үміт етемін»** (Муслим; 1162).